



# ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Қытай тілінің даму кезеңдері



Тарихта «Ұлы жібек жолы» деп аталған сауда керуенінің болғанын білесіздер. Жібек жолы – Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шыңжаң, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа дейін жететін керуендік жол бағыты болған. Бұл жол қытай мен ағылшын тілдерінің арасындағы байланысты қалыптастырып, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға ешқандай негіз болмаған. Себебі ол кездегі керуеншілер, саудагерлер өздерінің жұмыстарын екі жаққа бірдей атқарып, көбінде осы шығыс елдері керуендерінің тауарларын жан-жаққа таратып тұрған.

1700 жылдық тарихында ағылшындарда үлкен империя болмаған. Ағылшындардың әлемде кеңінен қанат жаюы XVI ғасырда, Елизаветта I таққа келгенде болды. Қытай мен Британия арасындағы байланыс та, сол XVI ғасырда өріс алды. Сол кездегі ағылшындардың көптеген сауда-саттығы таза жолмен емес, есірткі сатудың арқасында үлкен байлыққа кенелген. Есірткі арқылы қытайлықтардың санасын өзгертіп, өздерінің бодандығына алуға талпыныс жасаған. Қытайдың зиялылары, басшылары қарсылық білдіргенмен, бұл іс-әрекеттері тоқтамады. Ескертулерге құлақ аспаған Британия қытайлықтармен соғысуға дейін барған. Сөйтіп, қытайлықтар мен ағылшындар арасында бірінші апиын соғысы басталды. Бұл соғыс 1840–1842 жылдар аралығында болды. Бұл соғыста ағылшындар жеңіске жетеді. 1856–1860 жылдары екінші апиын соғысы болды. Бұл төрт жылдық соғыстан кейін әбден әлсіреген қытайлықтар тағы да жеңілді. Әлемге әйгілі «Мәшһүр» бизнес орталығы, Гонконг аумағы толықтай, сол жеңілістің нәтижесінде ағылшындарға берілді. Осыдан бірнеше жыл ғана бұрын Гонконг Қытайға қайтарылды. Дегенмен ондағы қалыптасып қалған батыстық жүйе сақталып, сауда-саттық сол жүйемен жүріп жатыр, ағылшындардың рөлі де сол жерде әзірге азая қойған жоқ. Осы екі елдің байланыстары бас кезінде сәтсіз басталып, екі соғыстың негізін қалап, Қытай елінің көп зардап шегуіне әкеліп соқты.

Ағылшындардың жеңісінен кейін XX ғасырдың басында, сол кезде енді ғана бой көтеріп келе жатқан елдер Франция, Ресей, Африка, Қытайдан өз үлестерін алғысы келді. Екі соғыстың нәтижесінде әлсіреп қалған Қытай, біраз жерлерін қысым көрсеткен елдерге беруге мәжбүр болды. Осы бағытта Қытай мен Жапон арасында келіспеушілік туындап, 1894–1895 жылдары екі ел арасында соғыс басталды. Мұнда да жапондықтар толық жеңіске жетті. Соның салдарынан Қытай Кореядағы үстемдігінен айырылды. Тайваньдағы билігін де жапондықтарға беруге мәжбүр болды. Жапондықтардың қытайлықтармен екінші соғысы 1937–1945 жылдары болды. Бұл соғыс дүниежүзілік соғыспен қатар жүрді. Дүниежүзілік соғыста Германия мен оның одақтастары жеңілгендіктен, екі соғыстың қатар жүруінің арқасында қытайлықтар жапондықтарды жеңіп, Тайваньдағы билігін қайтарып алды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бастапқы жылдарында Қытайда үлкен ұлттық қозғалыстар болды. Әртүрлі топтар қоғамдағы жәйтсіз жағдайды ретке келтіру мақсатында шетелдіктермен шайқасып, оларға көп зияндарын тигізді. Қытайдың осындай ішкі толқулары, сыртқы қысымдары ішкі соғыстарға алып келді. Бірақ 1911 жылы Ятсонның басқаруымен Қытай елі өзінің «императорлық» жүйесінен жаңа «республикалық» жүйеге ауысты. Ятсон соны басқарып, 1912 жылы Қытайдың жаңа саяси жүйесін енгізді. Ол былайша айтқанда «Ұлтшылдар тобы» болатын. Ұлтшылдар тобы 1929 жылдары коммунистік партияның пайда болып құрылуының негізінде екеуінің арасында келіспеушілік туындап, ол өз кезегінде ішкі соғыстардың басталуына алып келді. Содан 1949 жылы Қытай коммунистік партиясы жеңіске жетіп, ұлтшылдар тобын Тайваньға қарай ығыстырды.

Күні бүгінге дейін саяси билік негізінде Қытай мен Тайвань арасында бұл келіспеушілік бар. Бұл саяси отаршылдыққа қарсы күрестер салдарынан Қытай елінде үлкен проблема туындаған. Ол тіл мәселесі және иероглиф жазбасы. Елді біріктіру үшін тіл керек болды. Тілді бір тұрақты стандартқа түсіру үшін, оның жазбалары керек болды. 80 мың иероглиф таңбаларын, саяси экономикалық әлсіреуден кейін, оларды халыққа жаппай үйрету қиынға соқты. Сол себептен, 1911 жылы үкіметтің алғашқы болып қолға алғаны таңбалар, иероглиф санын азайту болды. Жүйелендіру жұмысының нәтижесінде Қытайда жаңа бір жазу, тіл пайда болды. Оны Putonghua деп атады. Кейін бұл тіл жаппай Қытайдың тіліне айнала бастады. Қазіргі таңда бұл тілде 650 млн адам сөйлейді екен. Күн өткен сайын бұл тілдің қолданыс аясы кеңейіп жатыр. Қытайдың әрбір аймағында 6 түрлі диалект қолданыста бар екен. Соларды біртіндеп қолданыстан шығарып, бір диалектіге, Пекин диалектісіне бағындыру саясаты XX ғасырдың басынан талқыға салынып, қазіргі кезде жүзеге асып жатыр. Коммунистік



партия билікке келгенде, олар өздерінің иероглифтарында қалуды жөн көрді. Себебі жазу бүкіл тарихи құндылықтармен бірге келе жатқандықтан, одан бас тарту, барлық құндылықтардан айрылуына алып келеді деп есептеген. Сөйтіп, иероглифтарының санын біраз азайтып, қазіргі заманның ыңғайына келтіріп, Putonghua тілін стандарт тіліне айналдыру үшін біршама істер атқарылып келеді.

Қытайда ресми мойындалған 55-ке жуық этникалық аз ұлт бар, ел халқының 8%-ы сол аз ұлттардан тұрады. Кейбір этникалық топтар ана тілдерінен бас тартып, тек қытай тілінде сөйлейді. Бұл өздерін маньчжур деп есептейтін 10 миллион адамға және басқаларға да қатысты. Барлық Қытайда тұратын халықтардың стандарттық мемлекеттік тілде сөйлеп, біртіндеп орнықтыру мақсаты бүгінгі таңда көзделіп отыр.

Қытай тілі мен ағылшын тілі қатынасын қарастыратын болсақ, қытайлықтар ағылшын-дардан қаншама зардап шексе де, ағылшын тіліне үлкен мән беріп, университеттерде тілді үйретуге ұмтылысы күшті болып отыр. Қытай билігі студенттер мен оқушылардың ағылшын тіліне көп уақыт пен үлкен күш жұмсағанын қалайды. Ағылшын тілін бәрі білуге міндетті, ал өте білімді элитаның деңгейі тіптен жоғары болуы керек. Қытайдың саясатындағы ағылшын тілін үйрену қатынасы, Үндістандағы ағылшын тілмен қатынасы екеуі бірдей емес. Үндістанда ағылшын тілі үнді тілінен бұрын бірінші орынға қойылса, Қытайда ағылшын тілі шетел халықтарымен байланыс және басқа елдермен саяси, экономикалық байланыс жасау үшін қолданылады. Ағылшын тілі арқылы Қытай технологиясын дамыту мақсатын жүзеге асыру үшін Қытайдың әр азаматы бұл тілді меңгеруі тиіс екен. Сонымен қатар, қытайлықтар, саяси билікті жүргізуде басқа елдерге үстемдік жасау үшін ағылшын тілі қажет деп есептейді. Ағылшын тілі Қытайдың даму құралы болып есептеледі, сол арқылы ағылшын елінің саясатын қолдану көзделіп отыр.